

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

«Бәйтерек» мектепалды тобы

2024-2025 оқу жылы

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Бәйтерек» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 02-06 қыркүйек айы, 2024 жыл

Күн тәртібі	Дүйсенбі 02.09		Сейсенбі 03.09	Сәрсенбі 04.09	Бейсенбі 05.09	Жұма 06.09
Балаларды қабылдау:	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс. Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу. Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.					
Ата -аналармен әңгімелесу,кеңес беру	Қауіпсіздік ережесі әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, балалармен бірге жол ережелері туралы мультфильмдер көруге кеңес беру, және әңгіме жүргізу					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер).	Үстел үсті ойыны: «Мозайка» Міндеті: Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылы ғын арттыру. <i>(коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)</i>	Дид ойын: «Бөліктерді құрастыру» Міндеті: Қиынды суреттерден ойыншықтар бейнесін құрастыру. <i>(коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)</i>	Кітап бұрышындағы еңбек". Міндеті:Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. <i>(коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)</i>	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Міндеті:Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. <i>(коммуникативтік дағды).</i>	"Асхана бойынша кезекшілік". Міндеті:Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. <i>(танымдық, коммуникативтік, дағдыларды дамыту)</i>	
Ертеңгілік жаттығу :	Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру					
Таңғы ас:	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті). Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:	Ұйымдастырылған іс-заттарды көмектесу	Дид ойын: «Не артық» Мақсаты: Суретте көрсетілген артық	«Менің балабақшам» тақырыбында әдемі суреттер салу.	Дид ойын: «Кім шапшаң» Мақсаты: Балалар топтасып ойнауға,шапшаң	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қаже материалдармен	

	(бірлескен әрекет, кезекшілік)	суретті алып тастап, дәрігерге керекті заттардың суретін қоя алады.	Мақсаты: Шығармашылық бастама мен дербестікті ке дамыту.	логикалық ойлана білуге жаттықтыру.	толықтыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырыл-ған іс-әрекет:	1.Дене шынықтыру «Денсаулықтың құпиялары» Міндеті:Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, өз жеке басының қауіпсіздігін дұрыс ұстап жүруге тәрбиелеу. 2.Көркем әдебиет Дид ойын:«Менің ойыншықтарым (өлеңді жаттау) Міндеті:Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, оған қатынасын, тілдік бейнелілігін сезінуге баулу. Сурет бойынша сюжеттік ойынды сақтай отырып, көңіл күймен	1.Сөйлеуді дамыту Дид ойын: «Кімге не керек?» Міндеті: Балалар қорапшадаға заттарды алып, аттарын айтады. Аспазшы және дәрігердің құралдарын ажыратып реттеп қояды. 2.Сауат ашу негіздері «Дыбыстар » Мақсаты: Дыбыс туралы түсінік беру. Балалардың дыбыстарды дұрыс айтуын қадағалап, дыбыстарды ажырата білу, және дыбыс, буын, сөз туралы түсініктерін қалыптастыру, сөз туралы білімдерін жетілдіру, сауат ашуда сөздік қорын байыту, ойындар арқылы балалардың байланысты-рып сөйлеу қабілетін арттыру. 3.Математика негіздері Дид ойын: «Кім көп жинады?» Міндеті:Біреу және көп түсініктерін қалыптасты-ру, танымдық қабілеттерін дамыту, заттарды көз мөлшерімен салыстыру.Бір және көп заттарды ажырата білу. 4.Музыка «Менің балабақшам» Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру, классикалық, халықтық және заманауи	1.Дене шынықтыру «Біздің алаң» Жүгіру: шашырап; жұптасып, бір қатармен, заттарды аттап, бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" ирелендеп, кедергілер-ден өту арқылы, табиғи жағдайларда кедергілер-ден өту арқылы, түрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқын-мен 1,5–2 мин тоқтаусыз жүгіру; жүрумен алмас-тыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдық-қа (ұзындығы 20 метр) жүгіру. 2.Көркем әдебиет Дид ойын: «Қандай ертегінің суреті?» Міндеті: Ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау, қисынды мазмұндауға үйрету. Ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағды-ларын дамыту. Ертегі арқылы балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Сауат ашу негіздері Дид ойын:« Сөздер мен дыбыстар сөз» Міндеті: Сөз,дыбыс туралы	1.Сөйлеуді дамыту Дид ойын: «Менің балабақшам!» Міндеті:Балабақша қызметкерлерінің еңбегімен таныстыру. Олардың еңбегі туралы әңгімелеп айтып беруге үйрету.Балабақша суретін жапсыру арқылы суретін құрастыру. 2.Математика негіздері Дид ойын:Заттардың қасиеті» «Менің сүйікті ойыншығым» Міндеті: Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру. Балаларға заттардың тобының жалпы қасиетін табуды және топтарға біріктіруді үйрету. Балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтары ның аттарын атай отырып сипаттауға және оларға ұқыпты қарай білуге баулу. Өз ойыншықта-ры туралы әңгімелету. Балаларға қиюдың түрлі тәсілдерін меңгерту. Таңдау жасай білуге, ұқыпты жұмыс жасауға үйрету. Саусақ қимылдарын арттыру. Қағазды қию іскерліктерін дамыту. 3.Қоршаған ортамен таныстыру	1.Дене шынықтыру «Біз күшті ержүректі» Міндеті: Қозғалыс кезінде қайтадан сап құрып тізбекпен жүру және бағытты өзгер-тіп жүру дағдыларын жетілдіру. Заттар арасымен допты дома-латып жүру барысын-да допты саусақ ұшы-мен жеңіл итеріп жүруге үйрету. Бір бүйірімен екі аяқпен арқаннан секіруге жаттықтыру және ширақ итерілу дағды-ларын қалыптастыру. Дене бітімін дұрыс ұстап, тепе-теңдіктерін сақтап, орындық үстімен жүруді бекіту. 2.Қазақ тілі Дид ойын: «Кім не істейді» Міндеті:Балабақшада ғы қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде

	мазмұндау шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойыншықты ұқыпты, таза ұстауға, тәрбиелеу. . 3.Қазақ тілі Дид ойын: «Біздің топ» Міндеті:Балардың топ және оның ішіндегі бөлмелер туралы ұғымдарын қалыптастыру, топтағы заттарды таза ұстауға дағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу 4.Математика негіздері Дид ойын: «Біреу және көп». Міндеті: Заттарды әртүрлі белгісі бойынша салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгісі бойынша заттарды ерекшелеу. Логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату біліктілігін бекіту. Зейін мен ойлау, қорытынды жасау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.	музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.Ырғақты сезінеді, «жай және тез», «ақырын және қатты» ұғымдарын түсініп айта алуға дағдыландыру.. Дауыс пен есту қабілетіне арналған жаттығуларды жасай алу	түсінік беру.Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде мағлұмат беру. 4.Сурет салу Дид ойын: «Менің балабақшам» Міндеті:Балаларды заттарға қарап (топтағы жиһаздардың) өздеріне тән ерекшеліктерін сақтай отырып суретін салуға үйрету. Бояумен жұмысты жетілдіру, балабақшада қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін бекіту.	Дид ойын: «Топ бөлмесіне саяхат» Міндеті:Балалардың назарын топтың ішіне аудару.Топтың іші таза және әдемі екенін айту,ойыншықтардың жиһаздың өсімдіктердің қоршаған орта заттарының орналасуы-на көңілдерін бөлу.Әр заттың өз орны бар екендігін айтып түсіндіру. 4.Музыка «Біздің аспаптар Міндеті:Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау.Балалардың музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру	қолдана білуге үйрету., сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықты ру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, : үлкенге құрмет, кішіге ізет жасауға тәрбиелеу. 3.Сауат ашу негіздері «Сөйлеммен танысайық» Міндеті: Балаларға сөйлем туралы түсінік беру, сөйлем құрау, ой-өрісін, сөздік қорын, тіл байлығын дамыту. Дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетінін туралы түсінік беру. 4.Қоршаған ортамен таныстыру Дид ойын: «Отбасы мүшелерін атау». Міндеті:Отбасы жайлы түсініктерін кеңейту. Отбасы мүшелерінің үйдегі, дастарқан басындағы орны жайлы түсіндіру. Сөздік қорларын, тіл байлықтарын молайту, сурет бойынша әңгіме құрауға үйрету.
Серуенге	Балалардың серуенге деген қығушылығын арттыру,балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты				

дайындық:	дұрыс киінуді бақылау.Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру.				
Серуен:	№1 Бақылау .Күзгі жапырақтарды бақылау. Мақсаты: Табиғатқа деген қызығушылықта-рын арттыру.Күзде табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқауға, айырмашылықта рын ажырата білуге үйрету. Күзде балаларға мектеп басталатынын түсіндіру. 2.Еңбек: Серуен кезінде ұйымдастырылған еңбек тәрбиесі арқылы еңбек-сүйгіштікке баулу. Жапырақтардан гүл шоғын жасау Мақсаты: Қол икемділі-гін дамыта отырып, әсемділікті, әдемілікті сезіне білуге талпындыру. 3.Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Балаларды жеңіл жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге, ұйым-шылдыққа, шыдамды-лыққа тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Көлік түрлерінің қолданысын және оның түрлерін білуге үйрету. 5.Еркін ойындар	№2 Бақылау Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. 2.Еңбек: Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. 3.Қимылды ойын: «Сақина салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету. 4.Жеке жұмыс: Түстерді ата 5.Еркін ойындар	№3 Бақылау .Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау.. 2.Еңбек: Біздің ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу. 3.Қимылды ойын:« Қол күрес » . Мақсаты: Балалардың білек күшін жетілдіру; балалрға қазақтың салт – дәстүрі , әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспен-шілік сезімдерін арттыру. 4.Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру, шешімін таба білу. 5.Еркін ойындар	№4 Бақылау Ауладағы тірі және өлі табиғат құбылыстарын бақылау. Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Өлі табиғат заттарын жинау. 2.Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. 3.Қимылды ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқындаарқан тарта білуге жаттықтыру. 4.Жеке жұмыс: Тақпақ. «Күз» Жиып теріп болатын Қамбаға астық толатын. Қызыл кырман ойнайтын, Қай мезгілде болады? <u>(күз)</u> 5.Еркін ойындар	№5 Бақылау Табиғат әсемдігін бақылау. Мақсаты:Балабақша айналасындағы ең көрікті жерді тандап,бақылау жасау.Табиғаттың сұлу көркіне балалардың қызығушылық сезімдерін арттыру.Табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу. 2.Еңбек:Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу. Мақсаты: Піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету. 3.Қимылды ойын:: «Ақсерек пен көксерек» Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу. 4.Жеке жұмыс: Құстардың атауларын білуге үйрету 5.Еркін ойындар
Серуеннен оралу:	Үнемді тұтыну мақсаты: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Тазалық: Сылдыр-сылдыр-сылдыр су. Беті қолды әркез жу.				

	Жуынсаң сен әрдайым. Аппақ бетің маңдайын. (қарым-қатынас)				
Түскі ас:	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі				
Түскі ұйқы:	Балалардың ұйықтауына жайлы орта жасау «Бесік жыры» тыңдату. Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі. Күй: «Ақ жауын» Секен Тұрысбеков.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары:	«Біз ояндық» 1. «Қолымыз оянады» - Б. қ.: жатып, қолдарды жоғары көтеру төмен түсіру. 2. «Аяқтар оянады» - Б. қ.: жатып, кезекпен оң аяқты және сол аяқты көтеру. 3. «Бауырсақ» - Б. қ.: жатып., оң жаққа және сол жаққа бұрылу. 4. «Мысықтар» - Б. қ.: төрт аяқтап тұру. Алды –артына қозғалу, шынтақты бүгіп төмен еңкейу, сол қалыпқа келу. (дене белсенділігі)				
Бесін ас:	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру «Нан қиқымын шашпандар» әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға баулу. Еркін тақырыпта сурет салдырту.	Ұлттық ойын: «Бес асық» Міндеті: Асық туралы жалпы түсінік беру, асықты қалай ату жолын көрсету.	Аспазшы» Міндеті: аспаз мамандығы жайлы білім беру, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, қызықтыру.	Қимылды ойын: «Асық ату - алшы» Міндеті: Балаларға асық ойындары жайында білім беру. Асық ату, ойлау дағдыларын қалыптастыру.	«Түрлі-түсті моншақтарды тізбектеу» . Міндеті: Ойындар арқылы балалардың білім және біліктерін қалып-тастыру. Моншақ-тарды сыртқы белгілеріне қарай ажыратуға үйрету.
Баламен жеке жұмыс	Диагностика жүргізу				
Серуенге дайындық:	Ойын жаттығу: Досымызға түймелеуге көмектесеміз. Мақсаты:балалардың өздігінен киіне алу дағдыларын қалыптастыру.				
Серуен:	Кешен №1	Кешен №2	Кешен №3	Кешен №4	Кешен №5
Серуеннен оралу:	Өз киімдерін сөрелеріне шешу, киімдерін жинай білу.				
Кешкі ас	«Үнемді тұтыну», Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою. Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді. Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы - Сабын деген осы.(көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау				
Балалардың дербес	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар әрекеті (ойын,				

әрекеті қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)	қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету) түрінде іске асырылады				
	Ұлттық ойын «Қуыр қуыр қуырмаш» Міндеті: қол моторикасын дамыту және сөйлеуін дамыту.	Үстел үсті ойыны Құрастырғыштармен әр түрлі ойындар ойнау.	Д/о «Қуыршақпен танысайық» Міндеті: Балаларға дене бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету.	Қ/о «Допты қуып жет» Міндеті: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке дағдыландыру.	Еркін ойындар Достық қарым қатынас жасап ойнау.
Балалардың үйіне қайтуы	Өнегелі - 15 минут Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу. Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. Сәтті демалыс күндерін тілеп,балаларды шығарып салу.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Бәйтерек» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.09-13.09.2024 жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 09.09.	Сейсенбі 10.09.	Сәрсенбі 11.09.	Бейсенбі 12.09.	Жұма 13.09.
Балаларды қабылдау	Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, Қайырлы таң балалар! Жылы сөздер айтып қарсыалу. Басқаларға достық қарым-қатынасты дамыту. Сыпайы сөйлеуге баулу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі-15 минут Балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс. Ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау. Тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында кеңес беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу к/ойын, үстел үсті ой/ры,бей/еу әре/ті,кітаптар қарау ж/е тағы басқа әрекеттер)	Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктерге күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
	Үстел-үсті ойын«Сипап көр» Міндеті:Сипап сезу арқылы көкөністердің атын табу. (танымдық, әлеуметтік дағдылар)	Дидактикалық ойыны: «Бұл қай кезде бола ды?» Міндеті: Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерекшеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді. (коммуникативтік дағдылар)	Саусақ жаттығуы «Ұшақтар» Қане, қанат жазайық, Ұшақ боп ұшайық. Ұшып - ұшып алайық, Орнымызға қонайық. (әлеуметтік дағдылар)	Дидактикалық ойын:«Ұлттық аспапты тап» Міндеті:Музыкалық аспаптары жайлы білімдерін бекіту, ұлттық музыкалық аспаптардың үнін ажырата білуге үйрету. (коммуникативтік)	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті:Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі. (әлеуметтік дағдылар, экологиялық тәрбие)
Ертеңгілік жаттығу	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені	«Қара жорға» биі таңертеңгі жаттығулар кешені	Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені
Таңғы ас	Үнемді тұтыну:«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында дұрыс отыруға, нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)				

Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Қ.Р.Гимнін орындау. 1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз күштіміз» Міндеті: сапқа бір тұру, сапта бір-бірден, екеуден жүру. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып жүру. Қимылды жаттығу: «Жануарларды қимылына қарап анықта!» 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Менің ойыншықтарым» Мұзафар Әлімбаев (өлеңді жаттау) Міндеттері: Өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен жаттауға үйрету. Өлең мазмұнын түсіндіре отырып, тілдік бейне-лілігін сезінуге баулу. Дидактикалық ойын «Ойыншықтар дүкені» 3.Қазақ тілі Тақырыбы: «Атам мен әжем» Міндеті: Атам мен әжеме қонақта Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует), сөздермен толықтыру.	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Сыпайы сөздер Міндеті: Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» 2.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Дыбыс пен сөз» Міндеті: Табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру. Екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын байыту. Ойын: «Сиқырлы дыбыстар» 3.Математика негіздері Тақырыбы: Таңертең, күндіз, кеш, түн. Кеше, бүгін, ертең. Міндеті: Уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: таңертең, күндіз, кеш, түн, кеше, бүгін, ертең. Есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, логикалық ойлауды дамыту. Қимылды ойын: «Күн мен түн»	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Біз спортшымыз» Міндеті: шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен жүру, жүру мен жүгіруді алмас тырып, заттардың арасымен жүгіру. Шеңбер бойымен ж/е тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті самокат тебу. Оңға және солға бұрылу. Қимылды ойын: «Кім жылдам» 2.Көркем әдебиет Тақырыбы: «Бір уыс мақта» (әңгіме) Ыбырай Алтынсарин Міндеті: Ертегіні әңгімелеп, кейіпкерлері мен таныстыру. Сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту. Д/ойын: «Қай ертегідегі кейіпкер» 3.Сауат ашу негіздері Тақырыбы: «Сөз» Міндеті: Сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру. Сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту. Дидактикалық жаттығу:	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің атам» Міндеті: Отбасы туралы білімдерін кеңейту. Үлкендерді сыйлауға, негізгі ойды дұрыс жеткізуге, әңгімені және нақты айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: «Отбасы мүшелерін ата» 2.Математика негіздері Тақырыбы: «Дөңгелек және сопақша» Міндеті: Сопақша геометриялық фигураны тануға және атауға үйрету; дөңгелек және сопақша, сопақша және тікбұрыш арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты табуға, заттардың пішіндерін анықтауға үйрету. Д/ойын: «Санау» 3.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: Отбасым Міндеті: Туыстық байланыстарды түсіндіру. Жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау. Ойын: «Бармақтар отбасы» 4.Музыка Тақырыбы: «Біздің аспаптар» Міндеті: Ұлттық домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру. Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Балалардың	1.Дене шынықтыру Тақырыбы: «Мәреге жет» Міндеті: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге, жүгіруге жаттықтыру. Қимылды ойын: «Допты қағып ал» 2.Қазақ тілі Тақырыбы: «Мамандықтар» Міндеті: Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует), сөздермен толықтыру. Дидактикалық ойын: «Қай мамандық?» 3.Сауат ашу негіздері «Сөз» Сөздің мағынасы» Міндеті: Балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету. Қимылды жаттығу: «Мен айтамын, ал сен көрсет» 4.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы: «Мамандық тың бәрі жақсы!» Міндеті: Балаларға күнделікті кезігетін мамандық иелері туралы мағлұмат беру, мамандықтарға деген қызығушылықтарын арттыру. Дидактикалық ойын:
---	--	---	---	---	--

	4.Математика негіздері Тақырыбы:Отбасымда нешеуміз Міндеті: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін анықтау. Шеңбермен және тік төртбұрыш пен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру. Д/ойын: «Көлеңкесін тап»	4.Музыка Тақырыбы:«Нота үйренейік» Міндеті:Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру. Музыка сипатын анық ырғақты,ширақ жүріс пен беру. Балалардың музыкаға деген қызығу-шылығын арттыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала»	«Сөзді өлшеп көрсетейік» 4.Мүсіндеу Тақырыбы:«Пішін дер» Міндеті: Ермексаздан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу. Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттар-ды пішіндерді мүсін-деу.	музыка аспабына деген қызығушылығын арттыру. Д/ойын: «Аспаптарды	«Мамандық иелерінің құралдары» ата»
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, балалармен әңгімелесу. Ретімен киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау.				
Серуен	Серуенге қызығушылық туғызу, серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру. Балалармен жеке әңгімелесу. Ойын материалдарын таңдау.				
	№6.Бақылау 1.Күзгі табиғатты бақылау Мақсаты:Күз туралы түсінігін кеңейтіп, жыл мезгілінің ерекшелігін әңгімелеу. Табиғатты қорғауға, оның әсемдігін, әдемілігін сезіне білуге, үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу. Сұрақтар: -Жылдың қай мезгілі? -Жапырақтың түсі қандай? -Күн бұлтты ма? Ойын: «Кім көп сөз біледі?» Мақсаты:Балалардың ой-өрісін дамыту. Ойлау, есте сақтау қабілетін арттыра отырып	№7.Бақылау 1.Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау Жұмбақ: Қанатсыз ұшады, Аяқсыз жүгіреді, Желкенсіз жүзеді. (Бұлт) 2.Еңбек:Алаңдағы жапырақтарды жинауға аула сыпырушыға көмектесу. Мақсаты: Бірлесе жұмыс істеуге, мақсатқа жетуге баулу. 3.Қимылды ойын: «Сақина салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету,	№8.Бақылау 1.Ауладағы тірі және өлі табиғат құбылыста рын бақылау. Мақсаты: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Өлі табиғат заттарын жинау. 2.Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Мақал-мәтел: «Ердің атын еңбек	№9.Бақылау 1.Солған гүлдерге бақылау. Мақсаты:Балаларға гүлдің солу себебін түсіндіру. Оған аянышпен қарап, оны күтіп, баптауға үйрету. Сұрақтар: - Гүлдер неге солады? - Қандай гүлдерді білесіңдер? - Адамға қандай пайдасы бар? Тақпақ, жұмбақтар, мақал-мәтелдер: Қызыл, жасыл гүл егіп, Баптап күттік, түрлеттік, Қалмасын деп қуарып Көптеп-көптеп су бердік. 2.Еңбек:Алаңды өскен, сарғайған арам шөптерді жұлу. Мақал-мәтел:	№10.Бақылау 1.Күнді бақылау Мақсаты:Балалар назарын күзгі күн көзінің қалай шығатыны туралы мағлұмат беру. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін дамыту. Көркем сөз «Анамыздай мейірлі күн, Аймалайды шыңда тұрып». Май берейін, құрт берейін, Күннің көзі шық, шық! Алақай, алақай! Күн шықты, күн шықты, Жер үстіне нұр шықты! 2.Еңбек:Гүлзарды солған өсімдіктерден тазарту. Мақсаты:Балаларды қолынан келетін еңбекке араластыру. Ұйымшылдықпен жұмыс

	жылдамдыққа, ойлампаздыққа тәрбиелеу. 2.Еңбек: Түскен жапырақты жинау. Мақсаты:Түрлі-түсті түстерді ажырата алуға, қол еңбегімен жұмыс жасауға үйрету. 3.Қимылды ойын: «Маған қарай жүгіріңдер» Мақсаты:Ептілікке, шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету 4.Жеке жұмыс: Кеңістікті дұрыс бағдарлауды үйрету.Оң,сол 5.Еркін ойындар	ойынға қызығушылы-ғын таныту. 4.Жеке жұмыс Жұмбақ: Төңірегі тең көрініп, Теген жатыр төңкеріліп, Жас та сиған, кәрі сиған, Астына оның бәрі сиған. (Аспан) 5.Еркін ойындар	шығарар». 3.Қимылды ойын: «Арқан тарту» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау. қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқындаарқан тарта білуге жаттықтыру. 4.Жеке жұмыс: Жапырақ суретін бояу. 5.Еркін ойындар	«Ердің атын еңбек шығарар». Мақсаты:Балалардың өз еркімен еңбек етуге үйрету, еңбекке деген құлшынысын ояту. 3.Қимылды ойын: «Соқыр теке» Мақсаты:Балаларды жылдам-дыққа, ептілікке тәрбиелеу. Мақал-мәтел: «Жақсы бала – елдің ырысы». 4.Жеке жұмыс: Допты домалатып үйрену. 5.Еркін ойындар.	жасауға, бір - біріне кедергі жасамауға, ортақ тапсырманы орындауға үйрету. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын: «Бұлт пен күн» Мақсаты:Батылдыққа, қауіптіліктен құтылу мақсатындағы жұмылу қабілетіне тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Жұмбақ «Таңмен көзін ашады Әлемге нұрын шашады» 5.Еркін ойындар.
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау. Гигиеналық процедуралар: қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу.				
	Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп сөреге орналастыру.	Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.	Балаларға киімге ұқыпты қарау керектігі жайлы әңгіме жүргізу.	Сырт киімдерін сөреге іліп қойюды дағдыландыру.
Түскі ас	Үнемді тұтыну: «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»Қолдарын сабындап жуу, қолы мен бетін құрғатып сұртуде сүлгіні дұрыс қолдану, киімдерін суламай, сүлгіні өз орнына ілу әдістерін пысықтау. Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. Тамақты дұрыс ішуді, қасық және шанышқыны, майлықты қолдануды, нан қиқымын шашпауды, сусын мен сорпасын төкпей ішуді пысықтау.				
Күндізгі ұйқы	Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі	Күй: «Ақ жауын» Секен Тұрысбеков.	«Балапаным» музыка тыңдату.	Күй: «Хафиз» Асылбек Енсепов.	Ұйқыға арналған әуенд музыкалар аудио арқылы тыңдату.
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары:	Аяқ қолға, көзге арналған жаттығулар кешені.Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну.Түймелерін қадау,сырмаларын сыру,аяқ киімде-рін дұрыс киюді үйрету.Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету.				
Бесін ас	Ас мәзірімен таныстыру. Бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.				
Балалардың дербес әрекеті	Қимылды ойын: «Сақина салмақ»	Сюжетті-рөлді ойын: «Ойыншықтар дүкені»	Дәйек сөз: Туған жер тұғырын,	Сюжетті-рөлді ойын: «Банк»	Қауіпсіздік ережесі «Бөбекжай-бақшаға барар

(баяу к/ойын, үстел үсті ой/ры,бей/еу әре/ті,кітаптар қарау ж/е тағы басқа әре/тер)	Міндеті:балаларды ойынға қызықтырып ойнату, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Міндеті:Мамандықтар туралы білімдерін кеңейту,сатушы маман дығы жайлы білімдерін тиянақтау.Ойынды рол дерге бөліп ойнауға үйрету.	Туған ел қыдырын. Халық даналығы. Ұлттық ойын: Соқыр теке Міндеті:Балалрды шапшандылықпен, мергендікке, шыдам дылыққа тәрбиелеу.	Міндеті: Рольді тандап, рольге сәйкес әрекет ету. Қоғамдық жерлерде, сөз сөйлеу этикет дағдыларын қалыптастыру. (Тенге, Ақша жұмсап үйрету.	жолда» Міндеті: Жол ережелері туралы білімдерін кеңейту. Қоғамдық көліктегі сыпайы мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
Балалармен жеке жұмыс:	Диагностика жүргізу	Диагностика жүргізу	Диагностика жүргізу	Диагностика жүргізу	Диагностика жүргізу
Серуенге дайындық:	Шешінетін бөлмеде мінез-құлық ережелерін сақтауға үйретуді жалғастыру. Сыпайы сөздерді қолдана отырып, көмек сұрауға шақыру				
Серуен:	Кешен №6	Кешен №7	Кешен №8	Кешен №9	Кешен №10
Серуеннен оралу:	Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру.Достарымен ішке кіру.«Менің досым» Досы туралы әңгімелеуге үйрету.				
Кешкі ас:	Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою.(көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару, тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар әрекеті (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
	«Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.	Еркін ойындар:Достық қарым-қатынас жасап ойнау.	Үстел үсті ойындары Балалардың қалауымен «Мақал мәтелдер» Балаларға мақ-мәтел айтқызуға дағдыландыру.	«Мақал мәтелдер» Балаларға мақ-мәтел айтқызуға дағдыландыру.	Үстел үсті ойындары:Құрастырғыштар мен
Балалардың үйге қайтуы:	Өнегелі-15 минут Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға,балаларға ұлттық аспаптарды көп айтқызып, ұлттық әндер тыңдатуды жайында айту. Баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37 «Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Бәйтерек» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :16-20 қыркүйек айы, 2024 жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі 16.09		Сейсенбі 17.09	Сәрсенбі 18.09	Бейсенбі 19.09	Жұма 20.09
Балаларды қабылдау:	Күй күмбірі -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту, музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру.					
Ата - аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Өнегелі-15 минут балалардың ересектермен емін-еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мобильді кітапханада жұмыс. Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу.					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер).	Дид ойын:«Бұл қай кезде болады?» Міндеті: Берілген жыл мезгілдерінің суреттері бойынша балалар ерекшеліктерін тауып, айтады, әңгімелейді. (коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)	Кітап бұрышындағы еңбек". Міндеті: Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауға, оларды мұқият желімдеуге үйрету (желіммен қайшыны дұрыс пайдалану, Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)	Дид ойын: «Қайсы көп, қайсы аз?» Міндеті: «Көп, аз» ұғымын ажырата алуға үйрету.. (коммуникативтік, танымдық дағдыларды дамыту)	"Асхана бойынша кезекшілік". Міндеті:Балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. (танымдық, коммуникативтік, дағдыларды дамыту)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Міндеті:Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (коммуникативтік дағды).	
Ертеңгілік жаттығу	Таңертеңгілік жаттығулар кешені (қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті). Тұру, жүру, жүгіру, жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары.					
Таңғы ас:	Үнемді тұтыну: « Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті). Өз орнын тауып отыру. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айту					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық:	Ұйымдастырылған іс-заттарды көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)	Логикалық ойын: Қандай пішінге ұқсайды» Мақсаты:Заттарды пішіндеріне қарай ажырату.Ойлау қабілеттерін дамыту.	Дид ойын:«Ретімен орналастыр» Мақсаты:Балаларды тақтада және қағаз бетінде баптауға үйрету. таба білуге үйрету.	Дид ойын:«Кімге не керек?» құралдарын адамның мамандығымен байланыстыру ересектердің еңбегіне қызығушылықты о	Дид ойын: Кім не істейді? Мақсаты:Мамандық туралы түсінік беру, ойын арқылы түсініктерін	

				көмектесуге тәрбиелеу.	кеңейту.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет:	Менің Қазақстаным Гимні орындау. 1.Дене шынықтыру «Мен ойнағанды жақсы көремін» Міндеті:Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан бірбіріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет) Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); 2.Көркем әдебиет Дид ойын: Ертегі кейіпкерлерін ата.Міндеті: Ертегілер әлемі туралы танымдарын кеңейту ертегі кейіпкерлерін атай білуге үйрету,балалардың танымдық қасиетін дамыту,	1.Сөйлеуді дамыту Дид ойын: "Мейірімді сөз" Міндеті:Балалардың сөздері сүйіспеншілікпен атай білуіне,туыстарына сүйіспеншілікпен сөйлеуіне жағдай жасау,үйлесімді сөйлеуді ойлауды дамыту,отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. 2.Сауат ашу негіздері Дид ойын: Қандай дыбыс естіп тұрсын? Міндеті:Дыбыстардың айырмашылығын таба білу білімдерін қалыптастыру, есте сақтау қабілеттерін дамыту, есту және естіген дыбыстарын айтып беруге дағдыландыру 3.Математика негіздері Дид ойын: «Апта күндері» Міндеті: Балаларды апта күндерімен таныстыру және түсінік беру. Жыл мезгілін ай, апта күндерін суретін көрсете отырып есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды халық ауыз әдебиетін ұштастыра отырып, тапқакты мәнерлеп айтуға, тілдерін дамытып, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру. 4.Музыка «Көңілді музыка» Міндеті:Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру.	1.Дене шынықтыру Спорттық жаттығулар. Велосипед, самокат тебу. Міндеті:Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Шеңбер құру, шеңбер бойымен жүру және жүгіруге жаттықтыру. Арқанның астынан оң және сол жақ бүйірмен еңбектеп өткен кезде дұрыс топтасу қабілетін нығайту, ептілігін дамыту. 2.Көркем әдебиет «Ертегілер әлемі» Міндеті: Балабақшада балалардың ертегі арқылы тілдерін дамыту, шығармашылығын дамыту, ертегіні мазмұнына сахналауға үйрету, рольде ойнау шеберліктерін жетілдіру, театр өнеріне қызығушылықтарын арттыру. 3.Сауат ашу негіздері Дид ойын:Дыбыстар әлемі» Міндеті: Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру. Тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. Достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу	1.Сөйлеуді дамыту Дид ойын: «Досынды тап». Міндеті:Суретке қарап әңгіме құрауды үйрету, баланың, сөздік қорын байыту. Бала бойындағы досына деген сенімділігін дамыту. Достыққа деген адалдыққа, сенімділікке тәрбиелеу. 2.Математика негіздері Дид ойын: «Сандардың көршісін табу» Міндеті:Сандар қатарын дағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту. 1-7 ге дейін сандарды тура және кері санау. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту . 3.Қоршаған ортамен таныстыру Дид ойын: «Қанқызын гүлге орналастыр» Шарты:Ханқызын гүлге орналастыру үшін, гүлдегі санмен ханқызының нүктелерін санап, сәйкестендіруді ұсынады. 4.Музыка «Көңілді ырғақтар» Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш,	1.Дене шынықтыру «Сықырлы доп» Міндеті: Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Допты жоғары лақтыру, қабырғаға ұру, қағып алу.Допты бір-біріне лақтыру. Орындық үстінде еңбектеу және тепе-теңдік жаттығулары. Балалардың ептіліктерін, допты қағып алу шапшаңдығын қалыптастыру. Доппен ойналатын ойын жаттығуларын жасауға жаттықтыру.Денені тік ұстап тұзу бағытта жүруге үйрету. 2.Қазақ тілі Дид ойын: “Сұрақ – жауап” ойыны. Мысалы:(Сөмкеде не жатыр? Бір аптада неше күн бар?) Міндеті: Сұрақтарға дұрыс, әрі тез жауап беруге дағдыландыру. 3.Сауат ашу негіздері «Буынға бөлейік» Міндеті: Сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау және сөздерді

	логикалық ойлау есте сақтау, еске түсіру қабілеттерін нығайту. 3.Қазақ тілі Дид ойын: «Бөлмеде» Міндеті: Үй жиназдарын атай алу,оның ішіндегі бөлмелер туралы ұғымдарын қалыптасты-ру және топтағы заттарды таза ұстауға дағдыландыру арқылы тазалыққа тәрбиелеу. 4.Математика негіздері Дид ойын: «Уақытты бағдарлау» Міндеті: Уақытты бағдарлау. Таңертең, түс, бесін, кеш, түн уақыт терминімен таныстыру. Апта күндері туралы түсініктерін нақтылау. Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру, зейінін дамыту. Уақытты үнемдеуге тәрбиелеу.	Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.	4.Жапсыру Кемпірқосақ Міндеті: Қайшыны дұрыс қолдана білу, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту; саусақ моторикасын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру; табиғатты сүйюге, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу	би) үйрету. Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музыкалық фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.	буынға бөлуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықты-ру.Балалардың ой-өрісін дамыту.. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 4.Қоршаған ортамен таныстыру Дид ойын: «Дала құстарын ата» Міндеті:Құстарды атай білуге үйрету.Жабайы құстардың қайда мекендейтінін,немен қоректенетінін түсіндіру.Құстарды аялауға,қамқоршы болуға тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балалардың серуенге деген қығушылығын арттыру,балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты дұрыс киінуді бақылау.Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру				
Серуен:	№11.Бақылау 1.Табиғат құбылысын бақылау. Мақсаты: Күз көрністерін, табиғат құбылысын бақылауды жалғастыру. -Күзде ауа-райы қалай өзгереді? -Күзде өсімдіктер қандай өзгеріске ұшырайды? -Адамдар күзде не істейді? 2.Еңбек: Балабақша ауласын қоқыстан тазалау.	№12.Бақылау 1.Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты:Жапырақ тардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету. 2.Еңбек:Алаңда тазалық жұмыстарын жүргізу Мақсаты:Еңбексүйгіштікке,үлкендерге көмекке келуге	№13.Бақылау 1.Табиғат әсемдігін бақылау. Мақсаты:Балабақша айналасындағы ең көрікті жерді таңдап, бақылау жасау. Табиғат-тың сұлу көркіне балалардың қызығушы-лық сезімдерін арттыру.Табиғат байлығын қорғауға тәрбиелеу. 2.Еңбек:Әр қалтаға гүлдер дәнін жинап салу.	№14.Бақылау 1.Аула сыпырушының жұмысын бақылау. Мақсаты: Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау.. 2.Еңбек: Біздің ойын алаңы. Мақсаты: Ойын алаңындағы сарғайып түскен жапырақтарды жинау.Еңбекқорлыққа баулу.	№15.Бақылау 1.Табиғат құбылыста-рын бақылау Мақсаты:Табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту, "өлі табиғат" ұғымы тас, су, жел, күннің көзі, жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Өлі табиғат заттарын жинау. 2.Еңбек:Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты:Балаларды

	Мақсаты: Аула тазалаушыға көмек беру, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. 3.Қимылды ойын:«Сақина салу» Мақсаты: Зейін қойып тыңдауға үйрету, ойынға қызығушылығын таныту.». 4.Жеке жұмыс: Кеңістікті дұрыс бағдарлауды үйрету.Оң,сол 5.Еркін ойындар	тәрбиелеу . 3.Қимылды ойын: «Қол күрес?» Мақсаты: Балалардың білек күшін жетілдіру; балалрға қазақтың салт – дәстүрі , әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. 4.Жеке жұмыс: Түстерді ата. 5.Еркін ойындар	Мақсаты: Піскен, піспеген дәндерді ажырата білуге үйрету. 3.Қимылды ойын:: «Ақсерек пен көксерек» Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру, ептілікке, ұжым жетістігіне ұмтылуға баулу. 4.Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру, шешімін таба білу 5. Еркін ойындар	3.Қимылды ойын:« Қол күрес » . Мақсаты: балалардың білек күшін жетілдіру; балалрға қазақтың салт – дәстүрі , әдет – ғұрпын, туған елге, жерге, өз Отанына деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. 4.Жеке жұмыс: Мақал- мәтел жаттату. Таза болса- табиғат Аман болар- адамзат Мақал- мәтел жаттату. Таза болса- табиғат Аман болар- адамзат 5.Еркін ойындар	қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. 3.Қимылды ойын: «Мысық пен тышқан» Мақсаты: Балаларды жеңіл жүгіруге, кеңістікті бағдарлай білуге, ұйымшылдыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу. 4.Жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру Аспанға ұшар бу болып, Жерге қайтар су болып (Бұлт) 5.Еркін ойындар:
Серуеннен оралу:	Үнемді тұтыну мақсаты: Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Тазалық Сылдыр-сылдыр-сылдыр су. Беті қолды әркез жу. Жуынсаң сен әрдайым. Аппақ бетің маңдайын. (қарым-қатынас)				
Түскі ас:	Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі				
Түскі ұйқы:	Ұйықтар алдында төсекте ойнауға болмайтынын ескерту, түсіндіру. Тыныштық сақтауды әдетке айналдыруды үйрету. Ұйқыға арналған әуенд музыкалар аудио арқылы тыңдату				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары:	Аяқ қолға, көзге арналған жаттығулар кешені. Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балалардың шаштарын тарауға үйрету.				
Бесін ас:	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру «Нан қиқымын шашпандар» әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау	Қимылды ойын: «Асық ату - алшы» Міндеті: Балаларға асық ойындары жай ында білім беру.Асық ату, ойлау дағдыла рын қалыптастыру	«Шаштараз» Міндеті: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету	Дәйекі сөз:Ана сүті бой өсіреді, Ана тілі ой өсіреді. Ұлттық ойын: Асық ату Міндеті: Асық ату ойынының ережесін түсіндіріп үйрету, қимыл қозғалысын дамыту	«Айырмашылығын тап» Міндеті: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге үйрету.	Қауіпсіздік ережесі «Балабақшаға барар жолда қауіпсіздік ережесін сақтау» Міндеті: Жол ережелері туралы білімдерін кеңейту. Қоғамдық көліктегі сыпайы мінез-құлық

және тағы басқа әрекеттер)			мергендікке, шыдамдылық тәрбиелеу		дағдыларын қалыптастыру.
Серуенге дайындық:	Ойын жаттығу: Досымызға түймелеуге көмектесеміз. Мақсаты:балалардың өздігінен киіне алу дағдыларын қалыптастыру.				
Серуен:	Кешен №11	Кешен №12	Кешен №13	Кешен №14	Кешен №15
Серуеннен оралу:	Өз киімдерін сөрелеріне шешу, киімдерін жинай білу.				
Кешкі ас	Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Балалардың қызығушылығы мен білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, тәрбиеші күні бойы ұйымдастырған түрлі балалар әрекеті (ойын, қозғалыс, танымдық, шығармашылық, зерттеу, эксперименттік, еңбек, балалардың өзіндік қызметі, өзіне-өзі қызмет көрсету)				
	Сюжетті- рөлдік ойын: «Дүкенші» Мақсаты: Ойында рөлдік өзара әрекеттестікті құруға мүмкіндік туғызу. (қарым-қатынс іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет,).	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Жүзіксалу» Мақсаты: Зейін қойыптыңдауғаүйрету. (қарым-қатынс іс-әрекеті, танымдық, іс-әрекетің, бейнелеу іс-әрекеті).	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» «Асық ату» дидактикалық ойыны Мақсаты: Асықтың атаулары арқылы кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. (қарым-қатынс іс-әрекеті, танымдық, іс-әрекет).	«Асықпаймыз, балақай!» Мақсаты: кіреберістегі қауіпсіздік туралы балаларға видеоролик көрсету	Үстел-үсті ойыны: « Мазайка» Мақсаты:Балалардың ұсақ-қол моторикасын,ойлау қабілетін дамыту. (танымдық, іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті).
Балалардың үйге қайтуы:	Өнегелі-15 минут Ұлттық дамытушы ортада ұлттық бұйымдарды ата-анамен бірге қарауға,балаларға ұлттық аспаптарды жайлы айтқызып, ұлттық әндер тыңдат жайында айту. Баланың тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап беру, кеңестер беру және балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу.				

Тексерілді:



Тәрбиелеу- білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: №37«Бәйтерек» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Бәйтерек» мектепалды тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы

Жоспардың құрылу кезеңі: 23.09-27.09.2024 жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 23.09.	Сейсенбі 24.09.	Сәрсенбі 25.09.	Бейсенбі 26.09.	Жұма 27.09.
Балаларды қабылдау	«Күй күмбірі» - балаларды жақсы көңіл-күймен қабылдау. Қайырлы таң балабақша! Қош келдіңдер балалар! Балалардан демалысты қалай өткізгендері жайлы әңгіме жүргізу.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	«Өнегелі 15 минут»:Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша жеке консультациялар.Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау. Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы туралы, мінез-құлқы жайлы әңгімелесу. Әдептілік сөздерді үйретуге ұсыныстар, кеңес.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қ/ойын, үстел үсті ой/ры,бей/еу әре/ті,кітаптар қарау ж/е тағы басқа әрекет тер)	Ойын бұрышындағы ойындар, сурет салу, бояу кітаптары, үстел ойындары (жұмбақтар, домино), дизайн, кітаптарды қарау, табиғат бұрышындағы жұмыс (бөлме өсімдіктерге күтім жасау) Балалармен жеке жұмыс.				
	Ойын: «Түрлі-түсті бөлшектер» Міндеті: Балалардың танымдық қабілет-терін жетілдіру, өз бетінше құрастыру қабілеттерін дамыту. (коммуникативтік, танымдық,шығармашылық дағдылар)	Табиғат бұрышындағы еңбек. Міндеті:Еңбекке байланысты мақал-мәтелдер айту. Гүлдерді суарып, қопсытуға көмектеседі. «Қыз өссе елдің көркі, Гүл өссе жердің көркі» (әлеуметтік дағдылар,экологиялық тәрбие)	«Жадында сақтап көрші» Міндеті: көргенін есте сақтай алады, зейінді, байқағыш бола алады. (коммуникативтік, танымдық дағдылар)	Ойын: «Қызықты кітаптар» Міндеті: шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап беруге, кітаптағы суреттерді қарай отырып, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге баулу. (коммуникативтік, әлеуметтік дағдылар)	Қимылды ойын: «Ұстап ал» Міндеті: белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру. (физикалық,әлеуметтікшығармашылық дағдыларды қалыптастыру)
Ертеңгілік жаттығу	Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені.	Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен ырғақты орындау. «Кел ойнайық»	Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен орындау. «Егер саған ұнаса»	«Қара жорға» биі Таңертеңгі жаттығулар кешені.	Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен орындау. «Кел билейік балақай»
Таңғы ас	«Үнемді тұтыну», «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жендерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың өз әсерлерімен бөлісуі, бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылауы, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдауы, ережелер туралы келісу және т. б. Ұйымдастырылған іс әрекетке заттарды дайындауға көмектесу (бірлескен әрекет, кезекшілік)				
